

*Қытаймен ынтымақтастық

Атырауға ИНВЕСТИЦИЯ келе жатыр!..

ЖУЫРДА ОБЛЫС ӘКІМІ СЕРІК ШӘПКЕНОВ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРҒАН БОЛАТЫН. ОНЫҢ БАРЫСЫНДА ҚЫТАЙЛЫҚ ІРІ КОМПАНИЯЛАР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІК ТОП ӨКІЛДЕРІМЕН ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТІП, ОЛАРҒА ӨНІРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ. КЕЛІССӨЗДЕР НӘТИЖЕСІНДЕ ӨНІРДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМДАР ПАКЕТІНЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ.

(Толығырақ 4-бетте)

ТЕМІРҚАЗЫҚ

2 Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес



САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

6-7 Сатып ала алмайтын құндылық



ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ

12 «Қазақстан – мақтанышым менің!»



*Инфрақұрылым

Ұзақ күттірген жол

ИНДЕР АУДАНЫНДА 31,4 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Қазір аудан орталығындағы Болашақ ықшамауданында 11,3 шақырымды құрайтын автомобиль және жаяу жүргіншілер жолының құрылысы қарқын алды. Осы айда Шығыс ықшамауданында да тұрғындардың қатынасын жеңілдетуге бағытталған жаңа инфрақұрылым құрылысы басталады. Бұдан бөлек Индербор кентінде жалпы ұзындығы 10,4 шақырымды құрайтын ішкі көшелерді жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жарсуат ауылында 3,2 шақырым, Құрылыс ауылында 1,5 шақырым жол салынып, елді мекендердің инфрақұрылымы кезең-кезеңімен жаңартылуда.

– Биыл Құрылыс, Жарсуат ауылдарындағы және Шығыс шағынауданындағы жол құрылыстары толық аяқталады. Ал қалған жобалар бөлінетін бюджет көлеміне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, – деді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Шапағат Ғаббасов.

Бек АЙДАРӘЛИ



*Шағын және орта бизнес

Кәсіпкерлерге көрсетілген көмек



АТЫРАУДА 460-ҚА ЖУЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖОБАҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Атырау өңірлік филиалының директоры Берік Қадыровтың сөзінше, өңірде кәсіпкерлерге субсидиялау, кепілдік беру және жеңілдетілген несие беру бағыттары бойынша қолдау көрсетіліп келеді.

2010 жылдан бері аймақта 11 700 жоба мемлекеттік қолдауға ие болды. Жалпы қолдау көлемі 622 млрд. теңгені құрайды. Қазір кәсіпкерлер үшін «Іскер Аймақ» және «Өрлеу» бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр, – деді Б.Қадыров.

Бұған дейін «Іскер Аймақ» бағдарламасы арқылы өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлерге 200 млн. теңгеге дейін қаржылай көмек көрсетілген. Ал «Өрлеу» бағдарламасы аясында өңдеу өнеркәсібі, туризм, IT және креативті индустрия бағыттарына 7 млрд. теңгеге дейін жеңілдетілген несие берілмек. Кәсіпкерлерге арналған мобильді фронт-офистер іске қосылып, шалғай аудандардағы кәсіпкерлерге мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беріледі.

Өз тілшіміз



Қадірлі жерлестер, ардақты ағайын!

Баршаңызды күллі мұсылманға қасиетті Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Құрбан айт — қайырымдылық пен имандылық көрініс табатын ізгі амалдарымен бәсі биік мейрам. Ата-бабаларымыз бұл күнді айрықша ардақ тұтып, жақсылық жасап жарысып, бауырмалдық пен бірліктің бізге жеткен үлгісін көрсеткен. Ұлттық танымымызбен ұштасқан мейрамның татулығымызды нығайтып, бір-бірімізге деген жанашырлық пен қамқорлыққа өзек болар тағалымы бар.

Құрбан айт құтты болсын, халайық! Елімізге тыныштық, жұртымызға бақ-береке тілеймін! Айттан айтқа аман жетейік!

Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі

*Дін мен діл

Ізгілікке үндеген мереке

ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕГІ ЕҢ ҚАСИЕТТІ ЕКІ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕНІҢ БІРІ, ОРАЗА АЙТТАН КЕЙІН 70 КҮННЕН СОҢ БАСТАЛЫП, ҮШ КҮНГЕ СОЗЫЛАТЫН ҚҰРБАН АЙТ – ҚОҒАМДА КЕЧІНЕН АТАЛЫП ӨТЕТІН ДІНИ МЕЙРАМДАРДЫҢ БІРІ. АЛАЙДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ОНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІР САНҚИЛЫ. ҚҰРБАН ШАЛУ КІМГЕ МІНДЕТТІ? ЫСЫРАП ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ КӨРСЕТІЛІМГЕ ДІН НЕ ДЕЙДІ? ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН ОСЫ ТӘРІЗДЕС СҰРАҚТАРДЫ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «АНАШЫМ» МЕШІТІНІҢ БАС ИМАМЫ АЙДЫН СЕРІКБАЕВҚА ҚОЙҒАН ЕДІК.

(Толығырақ 9-бетте)



Қазақстан Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі.

Атырау облысының әкімдігі «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауының бірінші кезеңіне қалалық және аудандық деңгейде құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды

Конкурстың мақсаты – өнегелі құндылықтарды жаңғырту, балаларды тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін үгіттеу болып табылады.

Конкурс ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №181 қаулысымен бекітілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидада көрсетілген нысан бойынша конкурса қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға конкурстың басталғаны туралы көшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

- 1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- 2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінің үзінді көшірме;
- 3) неке кнью туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- 6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың

ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері

Конкурсқа қатысуға өтінім беру үшін құжаттар түпнұсқамен тапсырылуы қажет.

Конкурсқа қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурса қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен құжаттар Атырау қаласы және аудандар әкімдіктерінің Ішкі саясат бөлімдерінде қабылданады.

2026 жылғы 15 мамырдан бастап 2026 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурса қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу.

Қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 14 маусым. Аудандық (қалалық) комиссиялардың өтінімдерді 15 маусым – 29 маусым аралығында өтінімдерді қарап, облыстық екінші кезеңге өтінім жолдайды.

Облыстық комиссия 1 шілде – 15 шілде аралығы қалалық және аудандық комиссиялардан өтінімдерді қарап, үшінші кезеңге Республикалық комитетке жолдайды.

Техникалық оңалту құралдары бойынша стандарттар өзгертілді

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғырту аясында тұрақты түрде реформалар жүргізіп келеді.

Бұл шаралар 2030 жылға дейінгі Қазақстандағы инклюзивті саясат тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылуда. Аталған құжат 2024 жылы бекітілген.

Негізгі мақсат – оңалтудың сапасын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыру, сондай-ақ нақты адамның қажеттіліктеріне бағытталу.

Ағымдағы жылдың сәуір айында Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы техникалық оңалту құралдарымен (будан әрі - ТОҚ) қамтамасыз ету тәртібін реттейтін бұйрықтарға өзгерістер енгізілді.

Тұжырымдаманы іске асырудағы негізгі өзгеріс – ТОҚ құнын қалыптастыру процесін толық цифрландыру және адами факторды жою болды.

Бұрын кепілдендірілген сома комиссия тарапынан үш дереккөз негізінде анықталатын: әлеуметтік қызметтер порталының деректері, мемлекеттік сатып алу мәліметтері және әлеуетті жеткізушілердің коммерциялық ұсыныстары.

Жаңа әдістемеге сәйкес, кепілдендірілген сома әлеуметтік қызметтер порталының және электрондық дүкендердің деректерін ескере отырып есептеледі. Бұл ашықтықты, объективтілікті және бірінғай тәсілді қамтамасыз етеді. Іс жүзінде бұл бағадағы теңсіздіктерді жоюға мүмкіндік берді.

Мысалы, электрондық дүкенде мүгедектер арбасы шамамен 200 мың теңге тұрса, бұрын ол Порталда 400–500 мың теңгеге дейін бағалануы мүмкін еді. Қазір жүйе артық төлемсіз, әділ нарықтық бағаға сүйенеді.

Бұл ретте мемлекет адамдарға үнем жасап отырған жоқ – негізсіз шығындарды жойып, мұқтаж азаматтарды сапалы ТОҚ-пен қамтамасыз етуге бағытталған.

Үнемделген қаражат жүйені дамытуға, соның ішінде заманауи, технологиялық және қымбат оңалту

құралдарын енгізуге бағытталады. Бұл қалпына келу тиімділігі мен жылдамдығын арттырады.

Қосымша ретінде, жаңа тәсілдер халықты әлеуметтік қорғау саласын дамыту ұлттық ғылыми орталығы арқылы іске асырылуда. Бұл – заманауи шешімдер әзірленіп, енгізілетін арнайы алаң.

Қазірдің өзінде «Үйде оңалту» жобасы жүзеге асырылуда. Ол Павлодар, Қызылорда облыстарында, Абай облысында және Шымкент қаласында оң нәтижелер көрсетіп, биыл кеңейтіледі.

Сондай-ақ биыл пилоттық түрде ТОҚ-ты қайтару механизмі іске қосылады.

Маңыздысы: бұл міндет емес, қосымша мүмкіндік.

Бұл механизм тек қайта пайдалануға қауіпсіз ТОҚ түрлеріне ғана қолданылады және жеке пайдалануға арналған құралдарға (жөргектер, протездер және т.б.) қатысы жоқ. Барлық бұйымдар міндетті түрде тексеруден, жөндеуден және санитарлық өңдеуден өтеді.

Бұл тәсіл, мысалы, адамның өз құрылғысы жөндеуде болған кезде немесе уақытша қажет болған жағдайда, ұзақ рәсімдерді күтпей-ақ жедел қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әлеуметтік-техникалық сараптама енгізілуде. Еді шешімдер ТОҚ-тың нақты жағдайына және адамның қажеттіліктеріне қарай қабылданады, бұл алушылардың мүдделерін қорғайды.

Осылайша жаңа жүйе қалыптасуда, онда:

1. субъективтілік жойылады;
2. әділ баға қалыптасады;
3. ТОҚ сапасы артады;
4. қызметтерге қолжетімділік жеделдейді;
5. жаңа тәсілдер ғылыми орталық арқылы енгізіледі.

Негізгі мәні: бұл үнемдеу туралы емес – бұл әрбір адам үшін сапалы, әділ және қолжетімді оңалту туралы.

Назгүл СӘРСЕМБИЕВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Атырау облысы бойынша департаментінің бас маманы

Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың ІІ-ІІІ тоқсанындағы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауына арналған КЕСТЕСІ

№	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні және уақыты
1	Жолдиев Рафхат Лесұлы	Ауылдық округ әкімі	Әр аптаның жұма күні уақыты 10.00-12.00

Ескертпе: күні бұрын жазылу округ әкімдігінің қабылдау бөлмесінде жүргізіледі.
Байланыс телефондары: 8 (7122) 39-19-81, 8 (7122) 39-11-85.
Қабылдау уақыты алдын-ала басшылықпен келісіледі.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қайыршақты ауылдық округі әкімі аппараты 8 (7122) 39-19-81 сенім телефоны жұмыс жасайтындығы туралы хабарлайды. Ауылдық округ әкімі аппараты қызметкерлері тарапынан Әдеп кодексін және құқықбұзушылық немесе сыбайлас жемқорлық жайлары орын алған жағдайда көрсетілген телефон бойынша хабарласуыңызға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ 29.05.2026-04.06.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: «Атырау қаласындағы автомобиль жолдарын қайта жаңарту (жастар көшесінен Еркінқала кентіне дейін) Түзету» жұмыс жобасына талқылау түрінде қоғамдық

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясының филиалы ҚР Экология кодексінің 87-бабына сәйкес «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысында қолданыстағы алаңдар мен автокөлік жолдарын қайта құру» жобасы бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде ашық орналастырылған. Жария талқылаулар нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 1 маусымнан бастап өткізіледі.

Жобалық құжаттама 5 жұмыс күні бойы жария талқылануы тиіс. Талқыланып отырған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстар жария талқылаудың соңғы күніндегі сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясының филиалы

Мекен-жайы: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8, тел.: +7 (7122) 92 74 06.

тыңдаулар ақпараттық жүйеде (ndbecology.gov.kz) өткізіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (ndbecology.gov.kz) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 27.04.2026 жылы қайтыс болған **Мырзағалиев Дүйсенбай Елеукеңұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2021 жылы 30 желтоқсанда қайтыс болған **Нуржанов Рахым Шабанғировичтің** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайдағы хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кенсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Өділет министрлігі берген.

Нотариус Зинелгабитов Мадениет Темирболатович хабарлайды: 2025 жылы 28 қазанда қайтыс болған **Мырзашев Кенжеғалидің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Сарықамыс м/а, Тұран-21А көшесінде («Достық» сауда үйі) орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады. Анықтама тел.: 87017595658.

(Нотариус Зинелгабитов Мадениет Темирболатович, Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің 2014 жылғы 6 тамыздағы №14011246 лицензиясы негізінде әрекет етуді)

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Роза Самигуллаевна Кабиева хабарлайды: 2025 жылы 14 желтоқсанда қайтыс болған **Жуниқалиева Марияның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариус кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 50 үй, 26 кенсе, телефоны 51-27-00. 02.10.2008 жылы берілген лицензия №0002115.

2025 жылы 28 қарашада қайтыс болған **Шайхив Нурмекен Марксовичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының нотариусы Джолдасбаева Жанар Қуандықовнаға хабарласулары сұралады. Нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Абай көшесі, 18 үй. Тел.: 32-27-39. (ҚР ӨМ-мен 01.12.2008 жылы берілген №0002230 лицензиясы)

Нотариус Ажибекова Гульнара Карсыбековнада, лицензия №15017217, ҚР ӨМ 23.09.2015 жылы берілген, 01.04.2026 жылы қайтыс болған **Садуов Серик Нұрановичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, М.Өтемісұлы көшесі, 17 А, «Берекет» ғимараты, телефоны: 87022739383.

24.12.2025 жылы қайтыс болған **Утеғалиев Алибек Адиевичтің** (04.02.1989 жылы туған) атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Абай көшесі, 14а-4 мекен-жайына келулері сұралады. ҚР ӨМ 12.12.2002 жылғы №0001243 лицензия қолданушы нотариус Л.К.Самешева

Нотариус Ж.К.Шурабаеваның нотариаттық кеңсесінде 2026 жылғы 8 сәуірде қайтыс болған **Инирғалиев Серик Сайлауовичтің** атына мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Махамбет Өтемісов көшесі, №100 үйде орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласулары сұралады. Анықтама телефоны: 8(702) 309 75 68. Лицензия №17004092, 07.03.2017 жылы ҚР ӨМ берген.

Нотариус Лукпанова Лаура Есмағзмовна хабарлайды: 2026 жылы 22 наурызда қайтыс болған **Попов Олег Юрьевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кенсеге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің 23 желтоқсан 2022 жылы берілген №22025612 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының

жеке нотариусы Лукпанова Лаура Есмағзмовна. Анықтама тел.: 8 702 400 02 58.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 01.11.2025 жылы қайтыс болған **Құрманбекова Жаңылдың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 12.05.2026 жылы қайтыс болған **Байноғалев Уалихан Қадимовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Нотариус Бекмағамбетова Айнагуль Муратовна, 2026 жылы 12 мамырда қайтыс болған **Сарихова Забияның** мұрагерлеріне мұралық іс ашылғандығы жөнінде хабарлайды. Мекен-жайы: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 92 үй, 7 кенсе, тел.: 8 701 454 06 14.

Нотариус Бекмағамбетова Айнагуль Муратовна, лицензия №13014921, 23.09.2013 ж. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен берілген.

Қазақстан Республикасы Өділет министрлігімен 17.09.2001 жылы берілген №0000879 лицензияның негізінде әрекет жасаушы Атырау нотариаттық округінің нотариусы Файзуллина Балтуған Ахметовна мұра қалдырушы (16 қараша 2025 жылы қайтыс болған) **Жумағалиева Назипа Буранованың** артында қалған мүлкіне №5 санды мұралық істің ашылғандығын және оның мұрагерлеріне Атырау қаласы, Геолог а/о, Ануарбек Аққулов көшесі, №46/1 үйде орналасқан нотариустың кеңсесіне хабарласулары қажет екенін хабарлайды. Тел.: 87072250025, 87011117063, нотариус Б.А.Файзуллина

Аудиторлық іс-шаралар қорытындысы

ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік аудит мақсаты бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

2026 жылдың I-тоқсанында жүргізілген аудит нәтижесімен жалпы сомасы 10 836,1 млн. теңгенің бұзушылықтары анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар – 7 058,7 млн. теңгені, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар – 3 777,4 млн.теңгені құрады.

Есепті кезеңде мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген камералдық бақылаумен 7145 рәсімдер қамтылып, 722 мемлекеттік сатып алулар бойынша жалпы сомасы 16 235,7 млн. теңгенің бұзушылықтары анықталды, олардың нәтижесімен 722 хабарламалар жіберіліп, толықтай орындалды.

Департаментпен 189 лауазымды және заңды тұлғаларға жалпы сомасы 14,5 млн.теңгенің өкімшілік айыпшұлы салынып, оның ішінде бюджетке өндірілгені 12,8 млн.теңге.

Есепті кезеңде Департаментке 156 өтініш түсіп, уақытылы тиісті жауабы берілді.

Маулен МУТНБЕВ,
Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы

Атырау

Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

<p>МЕНШІК ИЕСІ: «АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС</p> <p>Бас директор Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ</p> <p>Бас редактор Назарбек ҚОСШИЕВ</p> <p>Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43. Бас редактордың орынбасары – А.Базарбаев Жауапты хатшы – Д.Мұхамбеталиев</p> <p>«atr.kz» сайтының редакторы – А.Құрмашева, тіпшілер – Т.Ермек, Б.Исатай</p> <p>Арнаулы тілші – М.Қуанышева, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – А.Сабырова, аға тілші – Д.Аруев, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: шолушы – Р.Өтеуали, экология және құқықтық мәселелер: шолушы – А.Қабдұл аға тілші – М.Ергали</p> <p>фототілші – Е.Аптыбаев Корректорлар – Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова. Компьютер цехы: Бет құрушылар – С.Рамазанова, А.Жолдыбаева. Іс жүргізуші: Т.Тайтекова, теруші: К.Елеусінова</p>

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспаөсімді баспаөсімнің, ақпараттық агенттігі және жергілікті баспаөсімді қайта есептеу хату туралы: **№КЗ2023/00084467** куәлігі берілген.

Басылым «Құрмет Белгісі» орденімен республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

www.atyrau-egipent.kz

QR код

«Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
* Авторлар жарияланымдыдағы пікірлер редакцияның түпкілікті қазырасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
* Макәпалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
* Жарнамалар мен хабарландырулар маауымына редакция жауап бермейді.

Индекс: 65424 Ақтөбе 1 рет шығады.
ТАРАЛЫМЫ: 3623 дана
Немірдің кезекшілері:
Д.Аруев,
С.Рамазанова, Э.Әбілқайырова